

**«АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСІНІҢ кезектен тыс отырысының 2022 жылғы 31 тамыздағы ҚАУЛЫСЫ**

1. Қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы Н.Әуесбекұлының «Абай атындағы ҚазҰПУ қабылдау комиссиясының 2022-2023 оқу жылына арналған есебі» атты ақпаратын тыңдап және талқылай отырып, **Ғылыми кеңес қаулы қабылдады:**

- қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы Н.Әуесбекұлының «Абай атындағы ҚазҰПУ қабылдау комиссиясының 2022-2023 оқу жылына арналған есебі» атты ақпараты назарға алынсын.

2. Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры Х.Н.Жанбековтың «Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Академиялық саясатына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ақпаратын тыңдап және талқылай отырып, Комитеттің қорытындысын ескеріп, **Ғылыми кеңес қаулы қабылдады:**

- Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры Х.Н.Жанбековтың «Абай атындағы ҚазҰПУ-дың академиялық саясатына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ақпараты назарға алынсын;
- Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Академиялық саясатына ұсынылған өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін.

3. Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры Х.Н.Жанбековтың «ПОҚ-ның 2022/2023 оқу жылына педагогикалық жүктемесі туралы» ақпаратын тыңдап және талқылай отырып, Комитеттің қорытындысын ескеріп, **Ғылыми кеңес қаулы қабылдады:**

- 1) Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры Х.Н.Жанбековтың «ПОҚ-ның 2022/2023 оқу жылына педагогикалық жүктемесі туралы» ақпараты назарға алынсын;
- 2) білім алушылардың 1 ПОҚ-қа орташа арақатынасы 1:16 болып бекітілсін;
- 3) ПОҚ-ның жылдық оқу жүктемесі 600-610 академиялық сағат көлемінде бекітілсін;
- 4) әскери кафедра оқытушыларының жылдық оқу жүктемесі 680 академиялық сағат көлемінде бекітілсін.

4. Әртүрлі.

5. Осы қабылданған шешімдердің орындалуын қадағалау академиялық істер жөніндегі проректор М.А.Бектемесовке жүктелсін.

Ғылыми кеңес төрағасы

Бас ғалым хатшы



alov
tal

Д.Билялов

Ж. Битибаева